

Ә. ЖАҚЫПБЕКОВА

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ЭКОЛОГИЯ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТАПТАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ЗАТТЫҚ МАҒЫНАНЫ БІЛДІРЕТІН ЭКОЛЕКСИКА

Кейінгі кезде экология терминдерінің даму көздеріне шеттілдік терминдердің алынуына себеп болған бірнеше факторлар байқалып отыр: біріншіден, жаһандық денгейде ғылым салаларының интеграциялануы, яғни әрбір елдегі ғалымдардың тез арада ақпарат алмасып, бір-бірімен байланыс үзбей тұра алуға жағдай жасаған әлемдік ғаламтор (Интернет) болса, екіншіден, ұлттық ғылым саласының өз ішіндегі интеграциялануы арқасында аралық, яғни бірнеше ғылымның аralығынан туындаған жеке ғылымдардың пайда болуы, тіпті мұндай интеграциялану процесі жаратылыстану ғылымдары немесе қоғамдық ғылымдар арасындаған жеке ғылымдардың пайда болуы, тіпті мұндай интеграциялану процесі жаратылыстану ғылымдары немесе қоғамдық ғылым салалары аралығында да туындауы қазіргі кезде ешкімді таңқалдыратын құбылыс емес.

Ұлттық ғылым салалары дамытылып, ғылыми-техникалық білімдердің қарқындан толығып, үздіксіз дамып отырған қазіргі шакта терминжасам проблемасы ерекше өзектілікке ие болып отыр. Дәл осы себептер лек-легімен туындаған жатқан сан алуан жаңа ұғымдарға атальын табу кажеттілігінен «терминологиялық жарылыс» құбылысын тудырды деп көрсетеді ғалымдар [1, 11].

Әзара тілдік қарым-қатынаста терминдердің құрылымдық ерекшеліктері сөздің түсініктілігі үшін аса маңызды болып табылады, себебі терминдердің құрылымдық үлгісі неғұрлым курделі болса, ондай терминологиялық бірліктердің кодын ашу киынға соғады да, соның салдарынан ондағы берілген ақпаратты алушын немесе жеткізудің жолдары курделене түседі. Сонымен бірге қазіргі қазақ тіліндегі экология терминдерінің қалыптасып отырған формаларына жүргізілген талдау олардың құрылымының неғұрлым өнімді үлгілері мен тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде жаңа терминдердің жасалуы барысында мамандар ескеретін біралуан нұсқаулықтарды өзірлеуге жол ашады.

Төл лексикалық бірліктерден жасалған экология терминдерінің ішінде ағылшын немесе

орыс тілдерінен тікелей аударма арқылы алынғандары да аз емес, бұлардың ақиқаттағы заттың немесе құбылыстың шынайы мазмұнын толық бере алатындары да, сонымен бірге, бір өкініштісі, ұлттық танымға қайши, калькалық жолмен аударылып алына салынғандары да кездеседі. Калька арқылы алынып, тіліміздегі зат не құбылыска берілген бұрыннан қалыптасқан атаудың еске-рілмей қалуы қобінесе сала мамандарының қазақ тілінен білімдер жүйесінің толық еместігімен, тілдік біліктілігінің тәмендігімен, сондай-ақ салалық сөздікті құрастыруда тілші мамандармен кеңеспеудің салдарынан туындастын теріс құбылыс десе де болады. Мәселен, *жолжелкен* өсімдік атауы орыс тіліндегі *подорожник* атауының аудармасы, көптеген сөздіктерде осылай тіркелген, алайда қазақ тілінде бұл өсімдіктің *иманжапырақ* немесе *бақажапырақ* түрінде қалыптасқан байырғы атауы бар екенін көптеген тілдік деректер айқын дәлелдеп отыр. Дәл осылай «*дала мысығы*» зоологиялық термині калька түрінде көптеген ғылыми енбектерде колданылып келеді, ал бұл зоологиялық түр атауы қазақ тілінде *сабаныш* деп аталады.

Терминология тілдің сөздік корының бір бөлігі болып табылғандықтан, жалпы әдеби тілдің лексикасына тән заңдылықтар бойынша дамиды, сонымен бірге оған жалпы лексикаға тән атальм (номинация) тәсілдері қызмет етеді. Алайда терминжасам жай ғана сөзжасамнан белгілі бір терминдік элементтер мен компоненттерге ерекше артықшылық берілуімен, өзіндік сөзжасамдық құралдар мен құрылымдық үлгілер жиыннының болуымен, сондай-ақ өзіндік сөзжасамдық қосымшалардың өнімділігімен, халықаралық элементтердің кең колданысымен ерекшеленеді.

Қазіргі орыс терминтануында В. А. Татаринов, М. В. Лейчик, С. В. Гринев, Л. Б. Ткачева, Б. Н. Головин және т.б. ғалымдардың терминжасамға қатысты әртүрлі көзқарастары қалыптасқан. Алайда олардың барлығы да терминдердің жасалу проблемасына үқсас көзқараста болып,

тек жекелеген мәселелерінде ерекше шешімдер ұсынады. Ғалымдардың пікірінше, қазіргі экология терминдерінің жасалуының ең өнімді жолдарының бірі шет тілінен сөз алу. Дегенмен әрбір тілдің өзіндік терминжасаушы белгілері де болатыны сөзсіз. Сонымен қатар терминдердің құрылымы мәселесіне келгенде де бірқатар ғалымдардың пікірі сәйкес түсіп жатады.

Зерттеуімізде Л. Б. Ткачеваның ұсынған экология терминдерінің таптастырылуын ұлті ретінде алдық, себебі бұл таптастыру басқа ғалымдардың таптастыруына ортақ белгілердің көбірек жинақтаған. Сонымен құрылымдық талдау негізінде жасалған Л. Б. Ткачеваның таптастыруы бойынша терминдердің мынадай типтері анықталған:

1) жай терминдер: біркұрамды, қосымшалар жалғану жолы немесе жалпыәдеби сөздің жаңа мән алуы немесе жеке (субъектінің) тұлғаның терминдік шығармашылығы негізінде дәстүрлі тілдің элементтерінен алынуы, сонымен қатар басқа терминологиялық аядан енгізілуі арқылы жасалады;

2) күрделі терминдер, яғни қоскұрамды терминдер, бұлар біртұтас безендірілуімен ерекшеленіп, жалпы әдеби тілдегі күрделі сөздің бірігүі немесе жаңа мағына алуы, сондай-ақ басқа терминологиялық саладан ауысуы арқылы, әйтпесе дәстүрлі тіл элементтері негізінде жеке шығармашылық нәтижесінде жасалады;

3) терминологиялық тіркестер, бұл ұғым көпкұрамды, бөлек тұлғаланған, семантикалық тұтастықтағы екі, үш немесе одан да көп элементтердің тіркесімі арқылы жасалған тіркестер деңгеге саяды. Бұл тіркестер өз кезегінде:

- еркін терминологиялық тіркестерге (мұндай тіркес құрамындағы бір немесе екі элементтің синонимдік қолданысы бола алады, бірақ мұндайда оның семантикалық тұтастығына нұқсан келмейді);

- байланысқан терминологиялық тіркестер (бұлардың құрамындағы элементтерді синонимдерімен алмастыру мүмкін емес, ондайда тіркестің семантикалық тұтастығына нұқсан келеді);

- синтаксистік катынастағы терминологиялық тіркестер, бұлардың құрамында септеуліктер мен жалғаулықтар болады да, құрылымы жағынан фразалық тіркеске ұқсас келеді [2, 8].

Зерттеудің тілдік материалы негізінен Ұ. Бастерованаң бас редакторлығымен 2002 жылы шыққан «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінен» алынды [3].

Мұндағы терминдердің құрамы мен құрылымына статистикалық талдау жүргізу, зерттеу нысанындағы қазақ тілі экология терминдерінің қазіргі жай-куйі мен құрылымдық еркешеліктерін анағұрлым толыққанды мағлұмат берері сөзсіз. Ол үшін түсіндірме сөздікегі экология терминдерінің мынадай таптастыруы жасалып отыр:

**1. Төл түркі (қазақ тіліне еніп, қазақша тұлғаланып кеткен араб-парсы тұбірінен) лексикасынан жасалған біркұрамды терминдер.**

**2. Төл түркі (қазақ тіліне еніп, қазақша тұлғаланып кеткен араб-парсы тұбірлерінен) тұбірлердің бірігүінен жасалған, орфограммасы бірге тұлғаланатын терминдер.**

**3. Шет тілінен енген терминдер және олардың қазақ тілі терминдік жүйесіндегі түрленімдері:**

а) шет тілінен енген тұбір мен төл тұбірдің бірігүінен жасалған, орфограммасы бірге тұлғаланатын күрделі термин;

ә) шет тілінен енген тұбірге қазақ қосымшалары мен жалғаулары жалғану арқылы жасалған біркұрамды термин;

б) шет тілінен енген тұбір мен төл тіркесуінен жасалған лексикалық тіркес түріндегі күрделі термин;

в) шет тілінен енген өзгеріссіз алынған сөз мен казақ қосымшалары арқылы түрленген шет тілінен енген тұбірдің грамматикалық тіркесі арқылы жасалған күрделі термин;

г) шет тілінен енген сөз мен төл тіркесуінен жасалған грамматикалық тіркес түріндегі күрделі термин.

**4. Төл түркі (қазақ тіліне еніп, қазақша тұлғаланып кеткен араб-парсы тұбірлерінен) сөздердің грамматикалық тіркесінен жасалған күрделі терминдер.**

Осы таптастырудың алғашқы тобындағы төл түркі лексикасынан жасалған біркұрамды экотерминдердің ішінде заттық мағынаны білдіретіндерінің сөзжасамдық модельдеріне, олардың өнімді-өнімсіз тұрларіне сипаттама беру үшін талдау жүргізілу көзделді.

**Заттық мағынаны білдіретін эколексика.** Қазіргі қазақ тілінің жағдайында тұбір мен жұрнақтарға жіктелмейтін, алайда тарихи тұрғыдан тарихи жұрнақтар арқылы жасалған негіздер мен жалан тұбір түріндегі төл лексикадан жасалған терминдер: *аймак, ақпарат, алау, алсын, анжыр, аңызак, атырау, ауа, аумақ, бақ, бау, батпақ, белдеу, беріш, бөгөн, гылым, дала, дауыл, дін, еңбек,*

жага, жазира, жануар, жаңбыр, жапырақ, жел, жол, жүйке, жылу, киім, көгал, көл, көң, күйе, күкірт, күл, күн, қайнар, қайран, қала, қар, қогам, қорда, лай, мөлшер, мұз, мұнай, мұхит, нәсіл, күкірт, күшән, мыс, сынап, орман, орта, орым, ошак, олексе, өркениет, сабын, согыс, сортан, су, сұлба, табигат, пайыз, тақыр, тарих, тас, тау, жыныс, теңіз, тозан, толқын, тоң, топырақ, ылғал, тұз, тұр, тұтін, тың, тогай, тіршілік, кеністік, ұлт, үрпақ, өмір, шу, тәуекел, халық, шаң, шаш, шек, шол, шөп, шу, шым, індем, інжусу, шұрат, бұгат, дарақ.

Экологиялық сөздіктен жиналған мысалдардың ішінде негізі түбір мен тарихи жүрнекка жіктелетін терминдерді арнайы талдауға алмадық. Олардың барлығы бір катарда қарастырылады. Мысалға алынған терминдердің ішінде жалпы лексикалық мағынаның терминдік сипат алуы арқылы терминденген түрлері өте көп, мәселен, аймақ, алау, алсын, азызак, атырау, ауа, батпақ, белдеу, беріш, бөген, даала, дауыл деңен сияқты т.б. көптеген терминдердің жалпылексикалық мағынасы тіл иелерінің санасында ғылымға дейінгі, яғни халықтық білімдерден тұратын ұғым мен құбылыс атауларын білдіреді, ал ғылыми айналымға түскеннен кейін ғылыми мән-мағынаға ие болып, тек мамандардың қолданысындағы ерекше семалармен толығып немесе жаңа семалар иеленіп, сол саланың немесе арнайы білім алған мамандары үшін түсінікті бола алады. Мәселен, мұндай сөздердің «Қазақ әдеби тілі сөздігіндегі» дефинициясына назар салсақ, осы құбылыстың дәл тіркелгенін байқауға болады. Осы сөздіктің бірінші томындағы аймақ сөзінің лұғаттық мақаласында ұш мағына берілген, олардың екеуі терминдік мағына болса, біреуі жалпылексикалық, яғни халықтық мағына:

**АЙМАҚ** з а т. 1. г е о г р. *Физикалық-географиялық аудандастырудың жоғарғы олишемдерінің бірі*. 2. *Әкімшілік-аумақтық болініс, олке, өнір, атырау*. 3. *Айнала, маңай, тоңірек* [4, 159]. Біздін нысанымыздағы бұл термин о баста география саласына катысты болғанымен жанама түрде экология да катысты болып табылады. Сондықтан ол алғашқы екі мағынасында да экология саласында жиі қолданылады. Ал оның соңғы мағынасы жалпыхалықтық мағына болып табылады да, көбінесе сөйлеу тілінде жиі қолданыс табады. Дегенмен сөздіктің лұғаттық мақаласы құрылымында соңғы көрсетілген мағына өсілі

алғашқы түрғаны дұрыс болар еді. Себебі халықтық мағынадан терминдік мағына туындастының белгілі. Ал біз қарастырған мысалда терминдік мағынадан халықтық мағынаның туындауы мүмкін емес, сондықтан терминдік мағыналар осы сөздің лұғаттық мақаласының сонында берілгені лексикографиялық дәлдікке үйлесер еді деп санаймыз.

Сонымен эколексикада да халықтық мағынаның терминдену процесі терминдердің баю көзінің біріне айналып отырғаны байқалды.

**-тар, -тер, -дар, -дер, -лар, -лер** көптік жалғауы сөзжасамдық жүрнақ қызметтін аткарады, ол жалпылауыш мағына үстейтін белгілі бір табиғи құбылыстар, жануарлар, өсімдіктер, химиялық заттектер т.б. таптардың, топтардың, тұрлердің гиперонимдік сипатын көрсететін тілдік бірлік болып табылады: *агаштар, анықтагыштар, балдырлар, босқындар, бояғыштар, «Жасылдар», желімдер, жыртқыштар, қалдықтар, қоқыстар, қыналар, ластагыштар, ондіргіштер, осірткілер, саздар, селбеспелер, тоғінділер, ыдыратушылар, уыттар*. Экология терминдерінің түсіндірме сөздігінен алынған мына мысалдардың ішіндегі «Жасылдар» сөзі «*саяси партия ретінде құжатталған, кейде тіпті құжаттанбаган тіршілік ортасын сақтауга бағытталған саяси ағымның*» атауы болып табылады [3, 102]. Бұл жүрнектың сөзжасамдық сипаты татар тілінің эколексикасына арналған зерттеуде көрсетілген [5, 123]. Аталмыш жағдай бұл жүрнектың қазақ тіліндеғана емес, түркі тілдерінде де терминжасамдық өлеуетінің мол екендігін көрсетеді.

**-тану** терминжасамдық жүрнағы арқылы қандай да бір зерттеу нысаны бар ғылым саласының (*жаратылыстану, дінтану*), сол сала ішіндегі өз алдына жеке бағыттың (*ормантану, мұстану, аймақтану*) немесе салааралық ғылымның (*лингвоелтану*) атауы жасалады: *аймақтану, аңышлықтану, дінтану, жаратылыстану, мұстану, ормантану, табигаттану, тонырақтану*.

**-дылық, -ділік, -тылық, -тілік, -лылық, -лілік** жүрнағы арқылы жасалған эколексика: *айналымдылық, мерзімділік, басымдылық, белдемділік, зияндылық, зияттылық, молдылық, құнарлылық, оңтайлылық, тұрақтылық, үйлесімділік, аумақтылық, бағыныштылық, үздіктілік, төзімділік, икемділік, уыттылық, үйінділік, қышқылдылық, тұздылық, шыдамдылық, ылғалдылық, қарлылық, қауіптілік* негізінен заттың немесе құбылыстың қандай да бір қасиетін білдіреді.

**-шылық, -шілік** жұрнағы бірде қандай да бір шаруашылық саласының атын білдірсе: *аңышылық, егіншілік, кәсіпшілік, орманышылық*, бірде өмір сұрудің, тұрмыстың типін *отырықшылық*, тағы бірде табиғи ортаның жай-күйінін сипатын *қуанышылық, ластанушылық*, сондай-ак қандай да бір құбылыстың, тұлғаның белгілі бір күйін *кездесушілік, үйлеспешілік, біріншілік, алаңдаушылық*, білдіреді.

**-сіздік, -сыздық** жұрнағы зат не құбылыста қандай да бір белгінің жоқтығын білдіретін күйді, қалыпты көрсетеді: *белемсіздік, әлсіздік, үздіксіздік, мазасыздық*,

**-тіштік, -ыштық, -кіштік, -қыштық** қайтала-на беретін кимылдың негізінде қалыптасқан белгіні білдіреді, сондықтан негізінен етістіктерге жалғану арқылы зат есімдер жасайды: *бейімделгіштік, көрсеткіштік, өзгергіштік*.

**-керлік, -терлік** қандай да бір кәсіп немесе күнкөріс қамы иесінің әрекетін білдіретін бұл жұрнақ арқылы жасалған эколексика құрамындағы сөздер он да, теріс те мағынаны білдіріп жатады. Мәселен, экология терминдерінің соңғы шыққан түсіндірме сөздігінен алынған осы жұрнақ арқылы жасалған екі сөздің бірі он мағынаны, белгілі бір кәсіп иесінің қызметін білдірсе, *гарышкерлік, екіншісі теріс мағынаны, яғни жағымсыз әрекетті* кәсіп қылышылықты білдіреді, *қаскерлік*.

**-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік** жұрнағы қазак тілінде жалпы өнімді жұрнақ, бұл экологиялық терминжасамда да өнімді екенін мысалдардың көптігінен көруге өбден болады. Оның сөзге үстейтін мағынасы да түрлі болып келеді. Алайда барлық жағдайда бұл жұрнақ арқылы заттық мағына жасалады: *алалық, батпақтанғандық, белдеулік, биіктік, жайылымдық, жүйелік, жылулық, кезендік, кошпенілік, кірмелік, қалдық, мұздық, мүгедектік, өндірістік, осімдік, сәулелік, сезімталдық, топырақтық, тотеншелік, тұқымдық, тыныштық, тітіркеністік, улылық, бұзғыштық, ұжымдық, тығызыдық, түрлік, шабындық, шалғындық, шулық, жыртқыштық*. Берілген мысалдардың ішінде бұл жұрнақтың тікелей сөздің түбіріне жалғанғандағы үстейтін мағынасы мен араға басқа жұрнақтарды салып жалғанғандағы үстейтін мағыналары арасында айырмашылық болатыны байқалады.

**-шық, -шік** жұрнағымен жасалған табиғат нысандарының атауларында қандай да бір белгісіне қарай кішірейту мағынасы үстеледі: *бұташық, қабыршақ, көлшік*.

**-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе** жұрнағы бүгінгі күні тек қана экологиялық терминжасамда ғана емес басқа да салаларда термин жасау жүктемесі артып отырған өнімді жұрнақтардың біріне айналып отыр, бұл жұрнақ арқылы қимыл негізінде пайда болған табиғат құбылысы немесе адам ағзасындағы құбылысқа атау жасалады: *демікпе, сарқырама, түспе, уылдырықтама, ұйытқыма*.

**-ым, -ім, -м** – терминжасамдық әлеуеті жоғары, казіргі кезде өнімді жұрнақка айналып отыр: *жайылым, іірім, қауым, болжам, белдем, өтем, қайтарым, айналым, қысым* – табиғи орта обьектілері мен құбылыстарының атауы жасалады.

**-ты, -і, -қы, -кі** – жамылғы, кедерткі – күрал, аспап т.б. табиғи ортаға өсер етуші немесе оның өсерінен қорғауши заттар мен құбылыс атаулары.

**-тыш, -гіш, -қыш, -кіш** етістіктерге жалғану арқылы қандай да бір әрекетті немесе құбылысты жүзеге асыруши затты, құралдық, аспаптық қызметі бар нәрсені білдіреді: *зарарсыздандырығыш, көрсеткіш, ластагыш, оқшаулагыш, тазартқыш, тотықтырғыш, тұндырғыш, тыңайтқыш, үркіткіш*,

**-хана** соңғы жылдары ерекше өнімділігі артып отырған жұрнақтың бірі, төл сөздерге жуан-жіңішкелігіне қарамай жуан формада жалғану арқылы мекеме, орынжайдың атауын жасайды: *кошетхана*,

**-кін, -қын, -тын, -тін** табиғат құбылыстарының атауын жасайтын қазіргі кезде өнімділігі бәсеп-деп қалған жұрнақтардың бірі: *көшкін, барқын, өскін, шалғын*.

**-ша, -ше** – бұндай жұрнақпен жасалған экология терминдерінің түсіндірме сөздігіндегі екі сөздің екеуінде екі түрлі мағына көрініс тапқан, бірінші *қалемшесөзінде* жұрнақ «шағын, кішкене бөлік» деген семаны үстеп тұр, сөздікте бұл сөз «қалемшелеу үшін пайдаланылатын сабак болігі» [3, 141] деген дефинициямен берілсе, екінші *тұмша* сөзі ағылшының smog < smoke – тұтін және fog – тұман сөзінің баламасы ретіндегі термин түрінде берілген [3, 269], мұндағы **-ша** жұрнағы көлемді табиғат құбылысының атауын жасап тұр.

**-кер, -гер** жұрнақтары белгілі бір іспен, әрекетпен айналысатын адам деген мағына үстейді. Ал осы жұрнақ арқылы *қаскер* термині *браконьер* сөзінің орнына сөтті алынған.

**-аң, -ен, -и** жұрнақтары бүгінгі күні өнімділердің қатарынан табылмайды: *құртаң, ортен*. Экологиялық салада қолданылатын бұл екі терминнің соңғысы анық заттық мағынада қолда-

нылады және жалаң тұрғанда да заттың атын білдіреді – ол мынадай үш мағынаны білдіреді «1. жайылымдық бітікшөпті жақсартып, олі қалдықтарды жою үшін әрі қажетсіз өсімдіктерді ығыстыру мақсатында шөптесін және бұталы өсімдіктерді өртеу процесі. 2. антропогендік және табиги себептен болатын, кейде орман үлескін жайылымга немесе егістікке айналдыру мақсатындағы қолдан жасалған орман өрті. 3. өртенген орман» [3, 169]. Бұл мағыналардың сонғысы «өртенген жер» деген жалпыхалықтық лексикалық мағынаға өте жақын болса да, экологиялық термин болып табылады. Демек бұл сөз толық онимденген. Ал құртаң терминінің онимдену процесі әлі толық аяқтала қойған жоқ. Себебі оның терминдік мағынасы тек құртаң орман («агаштарының өсуі тоқтап, дамуы тежелген жасқа жеткен және орман өнеркәсібіне жарамсыз бола бастаған, ескірген орман» [3, 151]) тіркесіндеған ашылады. Оның онимденуі әлі аяқталмаған дейтініміз, тілімізде о баста бір заттың не құбылыстың атавы ретінде құрделі құрылым, яғни тіркес қолданылып, кейін оның құрамындағы негізі семантикалық жүк арқалайтын компонентінің жалаң тұрде де сол үғымды толық жеткізе алу қабілеті артып, тіркестің ықшамдалған бір сөз түрінде де сол терминді білдіретін онимге айналу процесі жиі кездесіді, мысалы: қосаяқ тышқан < қосаяқ, ақиық қыран < ақиық, ақбауыр бұлдырық < ақбауыр және т.б. Егер бұл тіркес құрамында құртаң сөзіне толықтай заттық мағынаны білдіру жүгірткіші болса, бұл сөздікте де тіркелуі керек еді деңген пікірге сүйене отырып, біз бұл терминді онимдену процесінің үстіндегі деп қарастырдық. Олай болса, құртаң сөзі бүгінгі күні сындық мағынаны білдіреді. Алайда жоғарыдағы онимдену процесінің үлгісіне сәйкес аталған терминнің жеке дара тұрып та бір үғымды білдіру қабілетінің жоғары екенін ескере отырып, біз оны зат есім жүрнәктарымен жасалған терминдер қатарында қарастырдық.

**-шы, -ші** экологиялық терминдер контексінде атальыш жүрнектар тек қана мамандық иелерін ғана емес, қандай да бір құбылысты, қымыл, әсерді

тудырушы нысандар үғымын жасаушы ретінде де көріне алады: *ластаушы, өндіруші, өңдеуші, тұтынушы, басқарушы, шектеуші*.

Жоғарыда талданған терминжасамдық жүрнектармен қатар мынадай жүрнектар да көрініс берді:

- ыс, -іс, -с:** *өндіріс;*
- мал, -мел:** *тасымал;*
- лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу:** *жагалау;*
- пат, -мат:** *қияпат, кесапат, зұлмат;*
- ыл, -іл, -л:** *шуыл;*
- ды, -ді, -ты, -ті, -лы, -лі:** *үйінді, шыгарынды;*
- ыр, -ір, -р:** *үңгүр.*

Экологиялық түсіндірме сөздікте тіркелген терминдердің ішінде префикс және постфикс тердің кешендері арқылы жасалғандары да ерекше назарға ілікті. Бұндай процесс қазіргі терминжасамның өнімді түріне айналып отыр, сондай кешендердің алғашқысын араб-парсы тілінен енген **бей-**, **на-**, **әр** сияқты префикстер кейінгі жылдары белсенділік танытып отыр.

Мысалы, **бей- ....-лық** (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік) / **-тылық** (-дылық, -лылық): *бейкезеңдік, беймәлімдік, бейтараптық, бейтараптылық,* **әр- ....-лық** (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік) / **-тылық** (-дылық, -лылық): *әралуандылық, әртүрлілік.*

## ӘДЕБИЕТ

1. Симонова К.Ю. Становление и развитие терминологии английского подъязыка экологии: Дис. ... канд. филол. наук. Омск, 2004.
2. Ткачева Л.Б. Основные закономерности английской терминологии. Томск, 1987. 198 с.
3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Экология және табигат қорғау. Алматы: Мектеп, 2002.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Алматы: Арыс, 2001. 1-т.
5. Галиева Э.А. Экологическая лексика в современном татарском литературном языке: Дис. ... канд. филол. наук. Казань, 2005.

## Резюме

Рассматривается вопрос о структурно-семантической классификации экологических терминов казахского языка, а также словообразовательные модели эколексики субстантивного значения.